

## САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИССИЯ Қазақстан Республикасы – Парламент сайлауы, 10 қаңтар 2021 жыл

### АЛДЫН АЛА ДЕРЕКТЕР МЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕ

#### АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАР

10 қаңтар күні Қазақстанда өткен парламенттік сайлау шынайы бәсекелестіксіз өтіп, жарияланған саяси реформалардың маңыздылығын көрсетті. COVID-19 пандемиясына байланысты қиындықтарға қарамастан, сайлау техникалық тұрғыдан тиімді ұйымдастырылды. Сайлау үдерісіне бес саяси партия қатысып, олардың кандидатары еркін түрде науқандарын жүргізе алғанымен, конституциямен кепілдендірілген негізгі бостандықтардың тежелуі саяси кеңістікті шектеді. Алдыңғы парламенттік сайлаудан бері құқықтық негіздемеге жиі өзгертулер енгізілді, олардың кейбірі ДИАҚБ алдыңғы ұсыныстарының біразын қамтыды. Дегенмен, құқықтық негіздеме әлі де көпжылдық жүйелі бұзушылықтар сақталып келе жатқандықтан, сайлауды өткізу бойынша ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес емес. Онлайн кеңістіктегі көзқарастардың түрлілігі көбейіп келе жатқанына қарамастан, сылбыр өткен сайлау науқаны сайлаушылардың саналы түрде таңдау жасау қабілетін одан ары шектеді. Сайлау алдындағы кейбір қасақана жасалған әрекеттер азаматтық байқаушылардың тиімді жұмыс атқаруына кедергісін келтірді. Дауыс беру үдерісі тиімді ұйымдастырылғанымен, сайлау күнгі рәсімдер толық айқындылыққа ие болған жоқ.

Сайлауға қатысты құқықтық негіздеме, алдыңғы парламенттік сайлаудан бері жиі орын алған өзгерістерге қарамастан, әлі де демократиялық сайлауды өткізуге қатысты халықаралық міндеттемелерге қайшы болып келеді. Саяси партияларды тіркеуге қажетті мүшелер санын азайтуға қатысты, қоғамдық жиындарды өткізу тәртіптеріне қатысты, жала жабуды қылмыстық сипатынан шығаруға, және де әйелдердің үміткерлер ретінде қатысуын ілгерілету үшін арнайы шараларды енгізуге қатысты ДИАҚБ алдыңғы ұсыныстарының кейбіреуі тек жартылай ғана еленді. Сонымен қатар, Сайлау туралы заңға өзгертулер мүгедектігі бар адамдардың сайлауға қатысуын ынталандыруға бағытталды. ДИАҚБ-ның негізгі бостандықтарға, сайлау әкімшілігінің бейтараптығына, дауыс беру мен сайлауға қатысу құқығына, сайлаушыларды тіркеуге, БАҚ, сайлау нәтижелерін шығаруға қатысты көпжылдық ұсыныстарының көбі елеусіз қала берді. Конституциямен кепілдендірілген негізгі бостандықтарды қолдану түрлі заңдармен елеулі түрде шектеліп, азаматтық қоғамның және сыни көзқарастардың дамуына мүмкіндік беретін кеңістік құқықтық нормалармен және олардың органдармен қолданылуымен тежеледі.

Сайлауға дайындық сайлау комиссияларымен заңмен қарастырылған мерзімдер аясында тиімді түрде ұйымдастырылды. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) әрдайым қоғамдық отырыстар өткізіп, шешімдерін уақытылы шығарып отырды. Дегенмен, шешімдер формалды отырыстарға дейін қабылданып отырып, сайлау әкімшілігінің айқындығына нұқсанын келтірді. Барлық деңгейлердегі комиссия мүшелерінің құрамы мен тағайындалуы олардың дербестігіне қатысты күмәндарды тудырады. ОСК қазақ және орыс тілдерінде шығарылған сайлаушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету науқаны негізінен сайлаушылар тізімін растау мен сайлау күніне қатысты болды.

12 миллионға жуық дауыс берушілер тіркелді. Халықаралық стандарттарға қайшы, сот шешімімен зияткерлік немесе психоәлеуметтік мүгедектік негізінде немесе барлық бас бостандығынан айырылғандар дауыс бере алмады. Сайлаушылар тізімдері қоғамның тексерісіне ашық болды. Халықаралық үздік тәжірибеге қайшы, сайлаушылар тізімдерге сайлау

учаскелерінде ешқандай да бір әкімшілік немесе құқықтық қадағалаусыз тізімдерге қосыла алғандықтан, бірнеше мәрте дауыс беруге жол ашылды.

Үміткерлерді тіркеу сайлауға бас тігуге қатысты халықаралық стандарттарға қайшы келетін тым қатаң талаптармен ерекшеленеді. Сайлауға қатысатын бес партия 312 үміткерді ұсынды, және тек екі партия ғана парламенттегі басымдылыққа сайысқа түсуге жеткілікті кандидаттар санын ұсынуға бел буды. Партия тізімдеріндегі жеке кандидаттар жайлы ақпарат сайлаушыларға оңай қолжетімділікте болған жоқ. Соңғы заңдағы өзгерістерге қарамастан, бірлестіктер бостандығын жүзеге асыруға елеулі кедергілер сақталып, 2013 жылдан бері бір де бір жаңа саяси партия тіркелмей, бірқатар өтініштер әлі де қарастырылуда болып, саяси түрлілік деңгейі де шектеулі болып қала береді.

Сайлау науқаны бәсекелестіксіз өтіп, сайлауға қатысушылар өздерінің бәсекелестерін саяси платформаларында аса сынап қойған жоқ. Барлық сайлауға қатысушы партиялар президент саясатына қолдауларын білдірді; бұл сайлаушылардың таңдауына шектеулер қойды. Онлайн және офлайн науқан аса көзге көрінген жоқ, соңғысы әсіресе COVID-19 пандемиясына байланысты болды. Жиналыстар мен сөз бостандығының кешенді тежеулері науқан белсенділігіне кері әсерін тигізді.

Заңмен партиялардың науқан қорларына салымдардың шегі мен олардың көзіне қатысты ережелер қарастырылған. ОСК науқанды қаржыландыруды қадағалайтын орган ретінде, науқан кезіндегі партиялардың кірістері мен шығымдары жайлы біріккен мәліметті шығарды. ОСК науқанды қаржыландырудың кешенді тексерісін жүргізбейді.

Әсіресе диффамация, экстремизм, алауыздықты қоздыруға қатысты құқықтық нормалар көзқарас білдіруді және сөз сөйлеуді, халықаралық құқыққа қайшы, мөлшерден тыс қылмыстық қудалаумен жазалайды. Конституция сөз бостандығына кепілдік бергенімен, тіпті әлеуметтік желілердегі белсенділік үшін де осы нормалардың негізіндегі қамауға алулар мен бас бостандығынан айыру іс жүзінде бұл бостандыққа шектеулер қояды. Соған қарамастан, теледидар арналары әлі де басымдықпен мемлекетке иелік негізінде немесе қаржылық субсидиялар арқылы бағынышты болып келсе, онлайн кеңістікте жаңалықтар мен көзқарастар түрлілігі көбейіп келе жатыр. Бақыланған телеарналар науқанды аздап қана қамтып, сайлаушыларға таңдауды жасауға көмек беретін ақпарат ұсынған жоқ.

Әйел адамдар қоғамдық және саяси өмірде шектеулі ғана орындарға ие. Осы сайлауға ұсынылған үміткерлердің 28.8 пайызы әйел адамдар болды. Жаңадан күшіне енген партия кандидаттар тізімдеріндегі 30 пайыздық әйелдер мен жастарға арналған квота әйелдер санын өсіруге аса әсерін тигізе қоймайды, себебі бұл квота партияларға парламенттік орындарды бөлгенде ешқандай міндет қоймайды. Төменгі деңгейлі комиссиялардың мүшелерінің көбі әйел адамдар болғанымен, ОСК-ның жеті мүшесінің тек екеуі ғана әйел адамдар. Гендерлік теңдік үгіт-насихат тақырыптарының тек кей біреуінде ғана аздап қозғалды. БАҚ негізінен тек ер үміткерлер жайлы ғана сөз қозғады.

Заңмен сайлауға мүдделі тараптардың құқықтық қорғау іздеуге құқықтары қарастырылғанымен, тек біраз ғана шағымдар өткізілді. Жоғарғы сот техникалық себептердің негізінде ОСК-ға қарсы шағымдардың барлығын қайтарып тастап, осылайша тиімді құқықтық қорғауға қолжетімділікті қамтамасыз ете алмады. Көптеген ДИАҚБ ШСБМ-ның азаматтық қоғамнан сұхбаттасушылары сайлауға қатысты дауларды шешу тәртіптеріне деген сенімдерінің аздығы жайлы бөлісті.

Тәуелсіз азаматтық байқаушылар осы сайлауды байқау бойынша жұмыстарын тиімді атқаруға кедергі келтіруге бағытталған билік өкілдері тарапынан бірлескен әрекеттер жайлы хабарлады.

Бұл әрекеттерге сайлау алдында азаматтық қоғам ұйымдарына қарсы басталған бірқатар салықтық тексерулер, азаматтық байқаушыларды жолатпау бойынша учаскелік комиссияларға кең құзырет беретін ОСК қаулысы, сондай-ақ міндетті COVID-19 тестін тапсыру жайлы кеш жариялау жатады. Сайлау күні байқауға мемлекетке қатысы бар байқаушылардың елеулі саны жіберілді.

ШСБМ сайлау күнгі рәсімдерді кешенді де жүйелі түрде байқаған жоқ. Дауыс беру тиімді ұйымдастырылып, COVID-19 сақтық ережелерін орындаумен өткенімен, сайлау күнгі рәсімдердің көбі толыққанды айқындылыққа ие болмады. Халықаралық және азаматтық байқаушылар кіргізілген жағдайда, басқа себептермен қатар, COVID-19 шараларына байланысты мәнді байқау жүргізу мүмкін болған жоқ. Дауыстарды санау мен енгізу кезінде маңызды рәсімдік кепілдіктер орындалмай, жарияланған нәтижелердің дәлдігіне қатысты күмәндарды туғызды. Сайлау күні жалпы тыныш болғанымен, бірнеше қалалардағы күзетіп жүрген полиция өкілдерінің санының көптігі алдын ала жарияланған бейбіт жиындарға мүлдем жол бермеді.

---

## АЛДЫН АЛА ДЕРЕКТЕР

---

### Кіріспе ақпарат пен Саяси Мәнмәтін

10 қаңтар күні Парламенттің төменгі палатасының (Мәжіліс) 98 мандатына сайлау өткізілді (осыдан былай парламенттік сайлау).<sup>1</sup> Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың маусым айында сайланғанынан кейінгі алғашқы парламенттік сайлау болды. Сайлау оны ұйымдастыру мен үгіт-насихат өткізуге аса әсер ете қоймаған COVID-19 пандемиясының және оған қатысты шаралар аясында өтті.

Конституция бойынша басқарушы билік кең өкілеттікке ие.<sup>2</sup> Саяси көріністе «Нұр Отан» партиясы үстемдік етеді; партия мен басқарушы билік органдарының арасындағы айырмашылық көбінесе анық емес. Ұлт Көшбасшысы атағына ие тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев ресми лауазымдарда, олардың ішінде «Нұр Отан» партиясының төрағасы ретінде, Қауіпсіздік Кеңесінің өмір бойы төрағасы ретінде, Конституциялық Кеңестің өмір бойы мүшесі ретінде, өмір бойы құрмет атағына ие Сенатор және Мәжіліске тоғыз депутатты ұсынатын Қазақстан Халқы Ассамблеясының (ҚХА) Төрағасы ретінде саяси белсенділігін сақтап отыр.

2016 жылғы парламенттік сайлаудан бері саяси партиялар көрінісі басым бөлігімен өзгеріссіз қала берді. Тіркелген алты партияның бесеуі осы сайлауға қатысты.<sup>3</sup> «Нұр Отаннан» басқа партиялардың барлығы өздерін билікке «конструктивті оппозиция» ретінде санап, жалпы президенттің ұстанымдарын қолдайды.<sup>4</sup> 2016 жылдан бері саяси партия тіркеуге кем дегенде

---

<sup>1</sup> Облыстық және аудандық деңгейлердегі жергілікті кеңестерге (мәслихаттарға) сайлау қатар өтті.

<sup>2</sup> Президент көптеген заң шығару функцияларын атқарып, орындауға міндетті жарлықтар мен қаулыларды шығарып, елдің ішкі және сыртқы саясатын анықтап, министрлер мен әкімдерді тағайындап, өзге де жоғарғы деңгейдегі лауазымды тұлғалар мен соттарды, сондай-ақ 49 сенатордың 15-ін тағайындайды.

<sup>3</sup> Оларға үш парламенттік партия: «Нұр Отан», «Ақжол» демократиялық партиясы және Қазақстан халықтық партиясы (бұған дейін Халықтық коммунистік партия деген атпен белгілі болған), және «Ауыл» халықтық-патриоттық демократиялық партиясы мен «Адал» партиясы (осыған дейін «Бірлік» атанған) кіреді.

<sup>4</sup> 30 желтоқсан күні 2020 жылғы Мәжіліс жұмысын қорытындылай отырып, Мәжіліс төрағасы «Барлық депутаттардың жұмысы Қазақстанның Тұңғыш Президентінің стратегиялық тапсырамалары мен [...] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары мен нұсқауларын орындауға шоғырланды» деп айтты.

тоғыз әрекет болғанымен, бір де бір жаңа партия тіркелген жоқ.<sup>5</sup> Бірлестіктер бостандығына кері әсерін тигізетін заң мен тәжірибедегі жүйелі шектеулер, 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 3 және 7.6 тармақтарына қайшы, сайыстың плюралистік табиғатына тежеу қойды.<sup>6</sup>

Билікке келгелі бері, президент бірқатар саяси және экономикалық реформаларды жариялады. Дегенмен, азаматтардың саяси өмірге қатысу қабілеті Конституциямен қорғалғанымен, шектемелі құқықтық негіздемелерге және олардың билік өкілдерімен бірбеткел орындалуына байланысты тежеліп келеді.<sup>7</sup> Бейбіт жиын мен бірлестік бостандықтарына қатысты ережелерге енгізілген кейбір өзгерістерге қарамастан, әлеуметтік желілерді қоса алғандағы қоғамдық келіспеушілік санкцияларға, сотпен қудалауға және қамауға әкеліп соғуы мүмкін. Бұл онлайн кеңістікте көбейіп келе жатқан саяси пікірталасқа қарамастан, ел бойынша сыни дауыстарды білдіруге үрей туғызып, азаматтардың жүріс-тұрысына әсерін тигізеді.

Әйелдер өткен парламенттегі орындардың тек 25 пайызына, 17 әкімдік лауазымның біріне, және 22 министрлік лауазымның 2 ғана ие болып, саяси өмірде аса орын алмайды.

### Сайлау Жүйесі және Құқытқық Негіз

Қазақстанда екі палаталы Парламент Төменгі палатаның (Мәжіліс) 107 мүшесінен және тікелей емес сайлау арқылы сайланатын жоғарғы палатаның (Сенат) 47 мүшесінен тұрады. Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты бір жалпы ұлттық сайлау округі аясында, жабық партия тізімдері бойынша пропорционалды өкілдік негізінде сайланады. Қалған 9 мүшесін Қазақстан Халқы Ассамблеясы сайлайды.<sup>8</sup> Өткен ДИАҚБ ұсыныстарына қарамастан, бұл, мемлекеттік заң шығару органының кем дегенде бір палатасына барлық орындар тікелей сайлануы қажет деген 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.2 тармағына қайшы болып, әлі де қолданылып келеді.

Жалпы дауыс санынан, кем дегенде, жеті пайыз жинаған партиялар Мәжілісте орын алады. Бір партия ғана кедергіден өтсе, дауыс саны бойынша екінші орын алған саяси партия, кемінде, екі орын алады. Әр партия партиялық тізімдегі үміткерлердің арасында мандаттарды бөледі, партиялар тізім реттілігін сақтауға міндетті емес. Конституция бұйрықты мандатты бекітеді; партиядан өз еркімен кеткен немесе партиядан шығарылған адамдар, немесе партиясы өз қызметін тоқтатқан адамдар мандаттарынан айырылады. Бұл 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.9 тармағына қайшы болып келеді.<sup>9</sup>

<sup>5</sup> Ресми тіркеуден өткен соңғы партия – 2013 жылы тіркелген «Бірлік» партиясы. Әділет Министрлігі ДИАҚБ ШСБМ-на 2019-2020 жылдары тоғыз сұранымның, олардың ішінен алтысы қайтарылып, қалғандары әлі де қарастырылып жатқанын хабарлады.

<sup>6</sup> 1990 жылғы Копенгаген құжатының 3 тармағында ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттер «саяси ұйымдарға қатысты плюрализмнің маңыздылығын» мойындады. 7.6 тармағы «тұлғалар мен топтардың еркін түрде өздерінің саяси партиялар мен саяси ұйымдар құру құқығына» қатысты.

<sup>7</sup> [2016 жылғы БҰҰ Адам құқықтары комитетінің \(АСКК\) Қазақстанның екінші мерзімді есебіне қорытынды ескертулерін](#) қараңыз.

<sup>8</sup> ҚХА Президентпен тағайындалған кеңесші орган болып, басты мақсаты Қазақстандағы этностық топтардың көптүрлілігінің көрінісі болып табылады.

<sup>9</sup> ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттер 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.9 тармағында «заңмен тиісті дауыстар санын жинаған үміткерлер өз қызметтеріне лайықты түрде тағайындалып, өз қызметтерін мерзімі аяқталғанға дейін атқару я тек демократия аясында парламенттік және конституциялық тәртіптерге сай қадағаланған түрде қызметін тоқтату құқығын қамтамасыз етуге» уәде берген. Сонымен қатар, Еуропа Кеңесінің Венециялық Комиссияның [Императивтік мандат пен ұқсас тәжірибелер жайлы баяндамасын](#) қараңыз.

Парламенттік сайлау негізінен Конституциямен, Сайлау туралы конституциялық заңмен (Сайлау туралы заң) және Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қаулыларымен реттеледі.<sup>10</sup> 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 4 тармағына қайшы, негізгі бостандықтар мен сайлау құқығына қойылатын артық шектемелерге байланысты құқықтық негіз Қазақстанның демократиялық сайлауды өткізу бойынша халықаралық міндеттемелеріне қарсы болып табылады.<sup>11</sup>

Сайлау туралы заң сайлауды өткізу бойынша техникалық негізді қамтамасыз етеді. Дегенмен, бұл заңның партиялар мен үміткерлерді тіркеу немесе тіркеуден алып тастау бойынша тым кең еркіндікке жол беретін ережелер, сайлаушыларды бірнеше рет тіркеуге қарсы тиімді шаралардың қарастырылмауы, анық сайлау науқаны бойынша қаржы аудитіне қатысты ережелердің болмауы, сондай-ақ төменгі-деңгейлі сайлау комиссияларымен шағымдар мен апелляцияларды қарастыру бойынша тиісті құқықтық тәртіптің жеткіліксіздігі, сияқты бірқатар кемшіліктері бар.

Сайлауды өткізуді реттейтін заңдар соңғы парламенттік сайлаудан бері елеулі түрде өзгерді, алайда ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары бұл өзгерістердің алдында мәнді қоғамдық талқылаудың болмағанына өз алаңдаушылықтарын білдірді. Оң өзгеріс ретінде, мүгедектігі бар сайлаушылардың қатысуына кепілдіктер ДИАҚБ өткен ұсынысына сай нығайтылды. Реформалар негізгі бостандықтарға, сайлау әкімшілігінің тәуелсіздігіне, үміткерлерге қойылатын талаптарға, сайлаушыларды тіркеуге, БАҚ-на және сайлау нәтижелерін жариялауға қатысты ДИАҚБ-ның басты ұсыныстары толығымен қамтылған жоқ.

## Сайлау Әкімшілігі

Сайлау әкімшілігі тұрақты болып, ОСК-дан, 232 Территориялық сайлау комиссияларынан (ТСК) және шетелде дауыс беруді өткізу үшін елшіліктер мен хатшылықтарда орналасқан 66 сайлау учаскесін қоса есептегендегі 10,060 учаскелік сайлау комиссияларынан (УСК) тұратын үш сатыдан құралған.

Президент ОСК төрағасы мен екі мүшесін тағайындайды. Мәжіліс пен Сенат әрқайсысы ОСК-ның екі мүшесінен тағайындайды. Осы сайлаудағы биліктегі партияның үстемдігі мен Мәжілістегі партиялар арасындағы шынайы өзгешеліктің жоқтығынан, ОСК құрамы аса саяси түрлілікпен айырықшаланбайды, және бұл оның бейтараптығына өз нұқсанын келтіреді.<sup>12</sup> Барлық деңгейдегі комиссиялар бес жылдық мерзімге тағайындалады. ОСК-ның қазіргі жеті мүшесінің екеуі және төменгі деңгейлі комиссия мүшелерінің 67.7 пайызы әйел адамдар.

<sup>10</sup> Өзге де қатысты заңдарға Саяси партиялар туралы заң, Бейбіт жиындар туралы заң, БАҚ туралы заң, Ақпараттандыру туралы заң, Байланыс туралы заң, Қылмыстық кодексе пен Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі жатады. Қазақстан демократиялық сайлауға қатысты бірқатар негізгі халықаралық конвенцияларға мүшелік етеді.

<sup>11</sup> 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 4 тармағында ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттер «өздерінің заңдарын, қаулыларын, тәжірибелері мен саяси шараларын өздерінің халықаралық құқық аясындағы міндеттемелерімен сәйкестендіруге» міндет алған. Халықаралық ұйымдар бірнеше рет Конституциямен және Қазақстан қол қойып ратификациялаған халықаралық келісімдермен қамтамасыз етілген саяси істерді жүзеге асыру құқығының және басқа да азаматтық және саяси құқықтардың заңмен шектелетінін атап өтті. Мысалы, 2016 жылғы АСҚК Қазақстанның екінші мерзімді есебіне берілген қорытынды ескертулерінің 51-54 тармақтарын және БҰҰ Арнайы баяндамашысының [терроризмге қарсы тұру кезіндегі адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі 2020 жылғы баяндамасын](#) қараңыз.

<sup>12</sup> 1996 жылғы ХАСҚП-на БҰҰ АСҚК №25 Жалпы ескертулерінің 20 тармағы «сайлау үдерісін қадағалап, сайлау әділетті, бейтарап және Пактіге сәйкес келетін бекітілген заңдарға сай өтуін қамтамасыз ететін тәуелсіз сайлау органының құрылуын» талап етеді. [ТМД Конвенциясына](#) қол қойған мемлекеттер өздеріне «демократиялық еркін және әділетті, шынайы әрі мерзімді сайлауды өткізуді ұйымдастыру бойынша бейтарап сайлау органдарын құруды қамтамасыз етуге» міндет алған.

Мәслихаттар төменгі деңгейлі комиссияларды 2019 жылдың қаңтар айында тіркелген саяси партиялардың ұсыныстары негізінде сайлады. Ұсыныстар саны жеткіліксіз болған жағдайда, мәслихаттар қоғамдық бірлестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстарын қарастыра алады.<sup>13</sup> Мәслихаттар ұсыныстарды орындауға мәжбүр емес және жеке ұсыныстарды дауыс беру арқылы қабылдау немесе қабылдамауы мүмкін. Ұсынылған мүшелер ұсынып отырған ұйымның мүшесі болуға тиісті емес. Сайлау туралы заң әр сайлау комиссиясына әрбір саяси партиядан тек бір ұсынысқа ғана рұқсат бергенімен, ДИАҚБ ШСБМ кездескен кейбір ТСК мен УСК іс жүзінде «Нұр Отан» партиясына қатысы бар бір адамнан көп мүшелерден тұрды.<sup>14</sup>

Сайлауға техникалық дайындықтар тиімді әрі заңмен көрсетілгендей дер уақытта өткізілді. ОСК отырыстары ашық және саяси партиялар мен байқаушылардың қатысуымен өтті. COVID-19 пандемиясына байланысты, БАҚ өкілдері тек өздерінің видеооператор топтарымен отырыстарды тікелей көрсетілім жүргізу үшін кіргізілді. ДИАҚБ ШСБМ байқауынша, ОСК қаулылары бірауыздан қабылданғанымен, алдын ала шешіліп қойғандықтан, шешім қабылдау транспаренттілігіне кері әсерін тигізіп, отырыстардың қоғамға ашық болу талабын бұзды. Жақсы жағынан, ОСК қаулылары өз сайтында уақытылы басылып, ОСК мүшелері әдетте отырыстардан кейін баспасөз мәслихаттарына қатысып отырды.

Денсаулық сақтау министрлігі ОСК-мен бірге COVID-19 таралуына жол бермеу мақсатында үміткерлерді тіркеу үдерісі, сайлау науқаны және сайлау күнгі тәртіптерге қатысты шараларды қабылдады. Кейбір азаматтық қоғам өкілдері ДИАҚБ ШСБМ-на сайлау күнгі денсаулық сақтауға қатысты аталмыш шаралардың кеш жариялануы және бұл тестерді тапсыруға қатысты шығымдар өздерінің байқаушыларын жіберуге кедергісін салғанын хабарлады.<sup>15</sup>

Төменгі деңгейлі комиссия мүшелерінің жалпыұлттық сатылы оқытулары онлайн да, тікелей де өтті. Өзгертілген сайлау туралы заң мүгедектігі бар адамдардың сайлауға қатысуын кеңейтуге бағытталып, басқа да нәрселермен қатар, барлық сайлау учаскелеріне кедергісіз кіріп дауыс беруді, сондай-ақ өз таңдауымен екінші адамның көмегімен дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. ОСК өзінің барлық отырыстарын ишарат тіліне ілеспе аудармамен қамтамасыз етіп, мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді сайлау учаскелерін көрсететін сандық «Интерактивті қолжетімділік картасын» дайындады.

ОСК-ның телеарналар мен радио станциялар арқылы сайлаушыларды хабарландыру бойынша науқаны сайлаушылар тізімін растау және сайлау күнімен ғана шектеліп, COVID-19 шараларына қатысты нақты ақпарат сайлау күніне жақындағанда ғана берілді. ОСК сайлауға қатысты түрлі форматтардағы көбірек ақпаратты өз сайтында жариялады. Бюллетендер мен сайлаушыларды оқыту материалдары қазақ және орыс тілдерінде дайындалды.

## Сайлаушыларды Тіркеу

Сайлау күні кем дегенде 18 жасқа толған азаматтар дауыс беруге құқылы. Сайлау туралы заң әлі де жасалған қылмысының ауырлығына қарамастан сотпен бас бостандығынан айырылған азаматтарды дауыс беру құқығынан айырып келеді.<sup>16</sup> Сот шешімімен зияткерлік және психоәлеуметтік мүгедектігінің негізінде іс-әрекетке жарамсыз деп танылған азаматтар да,

<sup>13</sup> ОСК мәлімдемесі бойынша, комиссия мүшелерінің 66.2 пайызы саяси партиялармен, 30.5 пайызы қоғамдық бірлестіктермен және 3.3 пайызы жоғарғы деңгейлі сайлау комиссияларымен ұсынылды.

<sup>14</sup> Бұл жағдай, басқалардың ішінде, Алматы мен Маңғыстау облыстарында кездесті.

<sup>15</sup> *Азаматтық және халықаралық байқау және Сайлау күні* бөлімдерін қараңыз.

<sup>16</sup> 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 24 тармағында құқықтар мен бостандықтарға қойылатын шектеулер «заң мақсатына қатаң түрде мөлшерлес» болуы тиіс көрсетілген. ХАСҚП-на №25 Жалпы ескертулерінің 14 тармағында дауыс беру құқығынан айыруға негіздер «объективті де қисынды» болуы тиіс деп берілген.

халықаралық стандарттарға қайшы, сайлауда дауыс беріп, сайлауға қатысу құқығынан айырылған.<sup>17</sup>

Сайлаушыларды тіркеу пассивті түрде өтеді. Жалпыұлттық электронды сайлаушылардың реестрі ОСК-мен жүргізіліп, дауыс беруге құқылы сайлаушылардан тұрады. Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) сайлаушылар тізімін мемлекеттік азаматтық тіркелім негізінде құрап, қарасты ТСК-на жылына екі рет өткізеді. ТСК ОСК-дағы ақпаратпен салыстырып тексереді. Қандай да бір сәйкессіздіктер немесе қайталаулар табылған жағдайда, олар әкімдіктердің қарастырылуына жіберіледі.

Сайлаушылар тізімдері әкімдермен қарасты УСК-на 20 желтоқсаннан кешіктірілмей өткізіліп, 26 желтоқсаннан бастап қоғамдық тексеруге қолжетімді болды. Сайлаушылар өздеріне қатысты ақпаратты тексеріп, сайлау учаскелерінде жеке түрде немесе қоңырау шалу орталықтарына хабарласып түсіндіруге өтініш бере алды. 10 қаңтар күнгі мәлімет бойынша, тіркелген сайлаушылар саны 11,915,903 адам болды.

Өздерінің тұрғылықты мекенжайларынан тыс учаскеде дауыс бергілері келген сайлаушылар 10 желтоқсанға дейін тіркелулерінің уақытша өзгертуіне тапсырыс бере алды. Қосымша, сайлау күніне 16 күнге дейін сайлаушылар өздерінің тіркелген мекенжайларынан тыс кез келген учаскеден дауыс беруге құқық беретін есептен шығару куәлігіне (ЕШК) тапсырыс беруге мүмкіндіктері болды. ОСК мәлімдеуінше, 39,768 сайлаушылар уақытша тіркеуге тапсырыс беріп, 10,599 ЕШК алынды.

ДИАҚБ алдыңғы ұсыныстары мен халықаралық үздік тәжірибеге қайшы, сайлаушылар тізімінде болмаған, сайлауға құқылы сайлаушылар сайлау күні тиісті УСК-мен, осы учаскеде тұратынын дәлелдей алған жағдайда, ешбір әкімшілік немесе құқықтық қадағалаусыз тізімдерге енгізілді.<sup>18</sup> ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары сайлаушылар тізімінің дұрыстығына қатысты аса қатты күмәнін білдірмегенімен, бірнеше рет дауыс беру мүмкіндігі әлі де сақталып отыр.

## Партиялар мен Үміткерлерді Тіркеу

Жиырма бес жасқа толған, елде сайлау күніне дейін кем дегенде он жыл бойы тұрған дауыс беруге құқылы азаматтар мен азаматшалар сайлауға түсе алады.<sup>19</sup> Сайлау туралы заң одан әрі сотталғандығы әлі өз күшін жоймаған және жемқорлыққа қатысты қылмыс үшін кінәлі болып танылған азаматтар мен азаматшаларды шеттейді. Тәуелсіз үміткерлердің өзін-өзі ұсынуына және саяси партиялардың блок құруларына тиым салынған. Тек тіркелген саяси партиялар ғана ұсынып отырған партияның мүшесі болып табылатын үміткерлерді ұсына алады.<sup>20</sup> Жалпы сайлауға қатысу үшін үміткерледі тіркеу тым қатаң талаптармен ерекшеленіп, халықаралық стандарттарға қайшы болып келеді.

<sup>17</sup> 2006 жылғы БҰҰ Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенциясының 12 және 29 Баптарына сай, «Қатысушы мемлекеттер мүгедектігі бар тұлғалар өмірдің барлық салаларында басқалармен тең деңгейде құқықтық қабілеттілікке ие екенін мойындаулары» және олардың «дауыс беріп, сайлануға [...] құқығы мен мүмкіндігін» қамтамасыз етулері қажет.

<sup>18</sup> Венециялық Комиссияның 2002 жылғы Сайлауға қатысты мәселелер бойынша үздік тәжірибе кодексінің (2002 Үздік тәжірибе кодексі) I.1.2.iv бөліміне сай, «сайлау учаскелеріне сайлау күні өз беттерінше сайлаушыларды тіркеуге рұқсат берілмеуі тиіс».

<sup>19</sup> ХАСҚП-на 1996 жылғы АСҚК №25 Жалпы ескертулерінің 15 тармағы «сайлауға былайша қатысуға жарамды тұлғалар білім деңгейі, шығу тегі немесе тұрған елі, немесе саяси көзқарасына қатысты қисынсыз әрі кемсітуші талаптардың негізінде сайлауға қатысудан шеттетілмеулері қажет» деп көрсеткен.

<sup>20</sup> ОСК ДИАҚБ ШСБМ-на тәуелсіз үміткерлерден өзін-өзі ұсынуға өтінішін қабылдағанын хабарлады. 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатымен «азаматтар мен азаматшалардың саяси немесе қоғамдық қызметке талаптану құқығы, жеке тұлға немесе саяси партиялар мен ұйымдардың мүшелері ретінде, ешбір кемсітушіліксіз» қамтамасыз етіледі.

2020 жылғы Саяси партиялар туралы заңға енгізілген өзгерістер саяси партия тіркеу үшін мүшелер санын 40,000-нан 20,000-ға азайтты. Дегенмен, өзге де әкімшілік кедергілер мен билік тарапынан тежеулер жаңа саяси партиялардың тіркелуіне елеулі кедергілер қояды.<sup>21</sup>

Партиялар бар мандат санынан 30 пайызға көбірек, жалпы 127 үміткерден тұратын партия тізімдерін ұсына алады. ОСК-мен тіркелу үшін, өткен сайлауда дауыстардың кем дегенде жеті пайызын жинаған партиялар тізімдегі әрбір кандидат үшін 637,500 теңге (шамамен 1250 евро) көлемінде ақшалай депозит төлеулері тиіс болды.<sup>22</sup> Тек екі партия ғана, «Нұр Отан» мен ҚХП бар мандаттың көпшілігіне 126 және 113 үміткерден ұсынып, сайысқа түсті. «Ақжол», «Ауыл» және «Адал» партиялары 38, 19 және 16 үміткерден ұсынып, парламенттегі басымдылыққа қол жеткізуді мүмкін емес қылды.

Алғаш рет кем дегенде 30 пайыз әйел адамдар мен/немесе жастардан тұратын партия тізімдеріне квота міндеті енгізілді.<sup>23</sup> 312 үміткердің ішінен әйелдер саны, өткен парламенттік сайлаудағы 20.1 пайыз әйел үміткерлер санына қарағанда, 90-ға дейін (28.8 пайыз) өсті. Тек бір партия, «Ақжол» партиясы ғана 30 пайыздан артық әйел үміткерлерді ұсынды. Алайда, квота мандаттарды осы топтарға ұсынуға міндеттемейді. Барлық бес партия да ұлттық азшылықтардан, олардың ішінде 13.8 пайызға жуық орыстар мен 6.4 пайыз 10 өзге ұлттық топтардан, үміткерлерді ұсынды.<sup>24</sup>

Партия тізімдеріне қазіргі Мәжіліс құрамындағы 34 депутат енді. «Нұр Отан» алғаш рет өздерінің 126 үміткердің 77-н іріктеп алу үшін праймеризін өткізді. Қалған партиялар филиалдардың ұсыныстары және орталық квота негізіндегі аралас құрылған үміткерлер тізімдерін ұсынды. ОСК жеке үміткерлерді тіркегені жайлы шешімдерін хабарлап отырғанымен, үміткерлер тізімдері жеңіл ашық қолжетімділікте не сайлау учаскелерінде болған жоқ. Бұл партиялардың жеке мандаттарды тек сайлаудан кейін бөлетінін қоса ескере отырып, үздік тәжірибеге қарама-қайшы болып, сайлаушылардың саналы таңдау жасау құқығын шектейді.<sup>25</sup>

27 қараша күні Қазақстан Демократиялық Таңдауы (ҚДТ)<sup>26</sup> азаматтар мен азаматшаларды ЖСДП-ға дауыс беруге шақырғаннан кейін, бұл партия сайлауға бойкот жариялауға бел буды. Аталған себептердің арасында өз тәжірибесінде байқағандай, сайлау науқаны әділетсіз жағдайда өтіп, сайлаудағы заңды бұзушылықтардың ықтималдығы, сондай-ақ ҚДТ-на қатысты деп тану қаупі болды.<sup>27</sup>

## Сайлау Науқаны

Сайлау науқаны 10 желтоқсаннан 8 қаңтарға дейін өтіп, 9 қаңтар күнгі тыныштық күнімен және сайлау күнімен аяқталды. Негізінен, үгіт-насихат жұмыстары аса көзге көріне қойған жоқ, өзі аз

<sup>21</sup> Тіркелмеген «Біздің құқығымыз» («Наше право») қозғалысы ДИАҚБ ШСБМ-на өздерінің 2019 жылдың наурыз айында өту керек болған құрылтай съезін бір жағынан қозғалыстың үш басшысының қамауға алынғанының нәтижесінде өткізе алмағанын хабарлады. Тіркелмеген Қазақстанның Демократиялық Партиясы (ҚДП) ДИАҚБ ШСБМ-на 2020 жылдың ақпан айында съез алдында жүздеген қолдаушыларының қамауға алынғанын мәлімдеді.

<sup>22</sup> 1 евро шамамен 510 қазақстандық теңгеге тең.

<sup>23</sup> Жастарға кем 25 жастан 29 жасқа дейінгі тұлғалар жатады.

<sup>24</sup> ОСК 10 желтоқсан күніндегі [баспасөз хабарламасын](#) қараңыз.

<sup>25</sup> 2002 жылғы Үздік Тәжірибе Кодексінің I.3.3.1.b.ii тармағы «мемлекеттік органдар бірқатар позитивті міндеттерге ие; атап айтқанда, олар сайлаушыларды сайлауға түскен үміткерлер мен тізімдермен, мысалы жөнді сайттарда орналастыру арқылы, танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етулері қажет» деп көрсеткен.

<sup>26</sup> 2018 жылдың наурыз айында ҚДТ «экстремистік» деп танылып, тиым салынды. 2020 жылдың мамыр айында сотпен ҚДТ-ның басқаша аталған ұйымы деп танылған Көше партиясына тиым салынды. Айыпталушы ұйымдар сот отырыстары жайлы алдын ала ескертілмей, сотқа қатыспағандарын хабарлады.

<sup>27</sup> ЖСДП [баспасөз хабарламасын](#) қараңыз (орыс тілінде).



үгіт-насихат шаралары одан ары суық ауа-райына, COVID-19 шектеулеріне және Мәжіліс сайлауының халықпен аса маңызды деп қарастырылмайтынымен шектелді.<sup>28</sup> Кей ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары, олардың ішінде саяси партиялардан да, сайлау нәтижелері алдын ала шешіліп қойғанына, және бұл өз кезегінде дауыс берудің маңыздылығын жоғалтқанына сенімді екендерін айтты.

Сайлауға бас тіккен партиялардың ешқайсысы биліктегі «Нұр Отан» партиясына елеулі бір бәсекелестік көрсеткен жоқ. Барлығы да президенттің реформалар бағдарламасына және алдағы реформаларға қолдауын білдірді. Нәтижесінде, науқан бәсекелестіксіз өтіп, сайлаушыларға тек аздап байқалатын саяси баламалар ұсынылды. Партиялардың үгіт-насихат жұмыстары негізгі назарлары тек партия басшыларына шоғырланған болды. «Нұр Отан» жағдайында партия басшысы бұл сайлауда депутаттыққа үміткер де емес.

«Нұр Отан» науқаны бүкіл ел аумағында көптеген билбордтарға толы болды. Партиялар жергілікті органдармен бөлінген постерлерге арналған орындарды қолданып, үйлерге барып насихаттаумен қатар, шағын офлайн және онлайн кездесулер өткізді.<sup>29</sup> Науқан тақырыптарының барлығы әлеуметтік және инфрақұрылымның дамуына және экономикалық дамуға қатысты болды. Жаһандық пандемияға және оның денсаулыққа және экономикаға әкелген салдарына қарамастан, өзінің қайырымдылық әрекеттері жайлы үгіттеген «Нұр Отан» партиясынан басқа, қалған партиялар негізінен мемлекеттің COVID-19 қарсы тұру шаралары жайлы ойларын білдірген жоқ.<sup>30</sup> Сайлау науқанының бастапқы кезеңдеріндегі кейбір ресейлік саясаткерлердің Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі жерлерінің тарихи орнына қатысты сөздері қоғамдық кеңістікте кеңінен талқыланып, қазақ ұлтшылдығына деген қолдауды нығайтқан тәріздес.

Науқанның салқын сипаты онлайн кеңістікте де байқалды. Сайлауға қатысушы партиялар арасындағы кеңінен қолданылатын әлеуметтік желілер арасында Facebook, Instagram, Twitter және YouTube болды. «Адал», екінше орында «Нұр Отан» әлі де аса көрнекті емес онлайн үгіт-насихат жүргізді.<sup>31</sup> Партиялар көбінесе бір постты қазақ және орыс тілдерінде қайталап орналастырып, кей жағдайларда әйелдер мен жастар сияқты қоғамның жеке топтарына үндеу салды. Партиялар апта бойы өткен офлайн үгіт-насихат шараларының шолуларын жасап отырғанымен, сайлаушылардың өздерінің шараларына қолжетімділігін шектей отырып, ешбір партия да алдын ала жоспарланған шараларын жариялаған жоқ. Науқан өзге бәсекелес партиялардың саяси платформаларына сілтемесіз оң сарынды болды. Негізгі қозғалған тақырыптар офлайн офлайн шаралардағы үндеулерге сәйкес болып, әлеуметтік қамсыздандыру мен әл-ауқат тақырыптары айналасында болды. «Нұр Отан» онлайн насихатында қозғалған тақырыптарының арасына жемқорлық мәселесін де қосты. ЖСДП сайлауға бойкот жариялағанынан кейін, әлеуметтік желілердегі посттарын орналастыруды тоқтатты.

Гендерлік теңдік науқанның басты тақырыптарының қатарында болған жоқ. Әйелдер сайлауға қатысты шараларда қатысқанымен, тек біразы ғана сөз сөйлеушілер ретінде қатысты.<sup>32</sup> Жаңа квота енгізілгеніне қарамастан, партиялар әйел кандидаттарды аса алдыға итермелеген жоқ, және әйел адамдар партия басшылығы қызметтерінен аса көрінбейді. Кей қатысушылар ДИАҚБ ШСБМ-на өз материалдарын қазақ және орыс тілдернен басқа, ұлттық азшылықтар тілінде де басып шығарғандарын хабарлады. Кейбір партиялар қазақ тілі мен қазақ ұлтының маңыздылығын көтермелеуді үгіт-насихат тақырыбы ретінде қолданды.

<sup>28</sup> COVID-19 байланысты талаптар тек 30 адамға дейін жиналуға рұқсат береді.

<sup>29</sup> ДИАҚБ ШСБМ байқаушылары 24 саяси партия кездесулеріне қатысты.

<sup>30</sup> «Нұр Отан» 2020 жылдың наурыз айының басында наурыз бен қазан айларының арасында 650,000 жанұяға, 33.9 миллиард теңге көлемінде көмек көрсеткен қайырымдылық қорын қалады.

<sup>31</sup> «Адал» күніне орташа он посттан, ал «Нұр Отан» алты посттан шығарып отырды.

<sup>32</sup> ДИАҚБ ШСБМ қатысқан ҚХП партиясының сайлау насихаты кездесулерінен басқа.

2020 жылғы Бейбіт жиындар туралы заң кейбір науқанға қатысты сырттағы жиындарды өткізуге оның алдындағы «рұқсат алу» талабын «ескертуге» ауыстырды. Алайда, жергілікті органдардан рұқсат сұрау қажеттілігі мен қала орталықтарынан алыста орналасқан арнайы бөлінген орындар үшін іс жүзінде жиналыстар бостандығы шектеліп келеді.<sup>33</sup> Жергілікті органдар ескертулерді болмашы техникалық себептермен қайтарып тастай алады, ал ескерту қарастырылып жатқан кезде жиын туралы хабарлауға тиым салынған.<sup>34</sup> Тіркелмеген саяси қозғалыстар ДИАҚБ ШСБМ-на соңғы президенттік сайлаудан бері өткізген жүздеген митинг ескертулері қайтарылғандарын хабарлады.<sup>35</sup> Сайлауға қатысушылар жергілікті органдарын сыртта үгіт парақтарын тарату үшін де ескертулері қажет. Сайлауға қатысушы бес партияның барлығы да ДИАҚБ ШСБМ-на бұл тәртіпті қолдайтынын және ешқандай да жиналыстар мен көзқарастар бостандығының шектелуі ретінде қарастырмайтынын хабарлады.

Ресми сайлауға бас тіккен қатысушылармен салыстырғанда, түрлі оппозиция қозғалыстары онлайн кеңістікте әлдеқайда белсендірек болды. Олар ашық түрде билікті сынады. Түрлі топтар сайлауға бойкот жариялау, бюлетендерді бұзу, «Ақжолға» дауыс беру және бірнеше қалаларда митингке шығу сияқты түрлі наразылық білдіру әдістерін ұсынды. Кем дегенде 20 адам ҚДТ үндеуінен кейін, «Ақжол» партиясы үшін дауыс беруге насихаттағандары үшін айыппұлдар алып немесе қамауға алынды.<sup>36</sup>

2018 жылғы Сайлау туралы заңға енгізілген өзгертулер қоғамдық пікір сауалнамаларын тек кем дегенде бес жылдық тиісті тәжірибесі бар ел аумағында тіркелген ұйымдарға ғана рұқсат береді, және бұл тым артық талап болып көрінеді. Заң оған қоса экзитполдарды жүргізуге тиым салып, өз ниетін білдірген ұйымдарды ОСК-на жоспарланған сауалнама жүргізуге қатысты шаралар жайлы хабарлауды міндеттейді; алайда ОСК құқықтық негіздемені рұқсат беру қажет деп түсінді.<sup>37</sup> Сайлауға дейін бірнеше ғана қоғамдық пікір сауалнамаларының нәтижелері шығарылды, олардың барлығында тек «Нұр Отан» партиясы ғана парламентке ену үшін қажетті жеті пайыздан асты.

## Науқанды Қаржыландыру

Саяси партиялар өз қалталарынан 212.5 миллион теңгеге (шамамен 418,000 евро) дейін көлемде және жеке қайырымдылық салымдарынан 425 миллион теңгеден аспайтын көлемде науқандарын

<sup>33</sup> Бірқатар азаматтар мен азаматшалар рұқсат берілмеген митингілерге қатысқандары немесе қатысуға шақырғандары үшін әкімшілік қамауға алынды. 16 желтоқсан күні саяси партиялар Алматы қаласы мен басқа өңірлерде тағзым ету шараларына қатысқанымен, ДИАҚБ ШСБМ «Оян, Қазақстан» және тіркелмеген ҚДП-нан әрқайсысы шамамен 20 белсенділерден тұратын екі кішкентай тобына 100-ге жуық полиция киіміндегі адамдармен Тәуелсіздік ескерткішіне гүл қоюға жол берілмегенін көрді.

<sup>34</sup> Іс жүзінде, кейбір ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушыларының айтуынша, жиындарға рұқсат беру туралы шешімді өабылдау жергілікті органдармен жоғарғы тұрған органдарға жіберіледі. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы ДИАҚБ ШСБМ-на тіпті бір әріптен қате кеткен жағдайда рұқсат берілмеуі мүмкін екенін хабарлады. Ұйымдастырушылар жиын тақырыбы және митингінің қаржыландыру көзі жайлы толық ақпаратты көрсетулері тиіс.

<sup>35</sup> «Наше право» қозғалысы ДИАҚБ ШСБМ-на мәлімдеуінше, олардың бейбіт жиын өткізуге өтініші 2019 жылы 35 рет қайтарылып барып, рұқсат берілді.

<sup>36</sup> Азаматтар мен азаматшалар «анонимді» насихат материалдарын шығарып немесе таратқандары үшін, партияның жазбаша келісімінсіз үгіттегендері үшін және рұқсат берілмеген жиналыстар үшін (Әкімшілік бұзулар туралы кодекстің 113, 118, және 488 баптары) қудаланды.

<sup>37</sup> ОСК 10 ұйымға қоғамдық пікір сауалнамаларын өткізуге рұқсат берді. Партиялардың арасынан, тек Нұр Отан партиясы ғана аккредитация алуға өтініш берді.

қаржыландыра алады; жеке салымдарға шектеу қойылмаған.<sup>38</sup> Заң қатар өтіп жатқан жергілікті сайлаулардың әр сатысына жеке шектер бекіткен.

Науқан кірістері мен шығымдарына арналған арнайы банк шоттары партия тізімдері тіркелгеннен кейін ашылды. Заңға сай банктер ОСК-на тексеруге апта сайын есеп беріп отырды.<sup>39</sup> ОСК-ның хабарлауынша, ол банктерден түскен ресми есептердің негізінде ғана қадағалау жүргізіп, жария етілмеген кірістер мен шығымдарға қатысты кешенді тексеріс жүргізбейді. Әкімшілік бұзушылықтар туралы кодексімен науқан шығымдары бойынша есеп берілмеген жағдайда және сайлау науқанын арнайы шоттардан басқа шоттардан қаржыландырған жағдайда айыппұлдар қарастырылған.<sup>40</sup>

Өзінің ережелеріне сай, ОСК сайлауға қатысушылардың, донорлардың аттарынсыз, жеке қайырымдылық салымдардың нақты көлемінсіз немесе қандай шығындар екенін көрсетпей, транспаренттілікке қисынын келтіре отырып науқан кірістері мен шығымдарының біріктірілген сомасын 30 желтоқсаннан кешіктірмей шығарды.<sup>41</sup> Партиялар сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін бес күн ішінде қаржылай есептерін өткізулері қажет.

Сайлау туралы заңда бекітілген сайлау науқанына қатысты ережелерді бұзу кандидаттың немесе партияның үміткер ретінде тіркелуінің жойылуына немесе бұл бұзушылықтар сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін белгілі болған жағдайда, сайлау нәтижелерінің күшінің жойылуына алып келуі мүмкін. Заңда тіркеудің жойылуы тек қатаң бұзушылықтарға ғана қатысты ма және партиялардың қателіктерді түзеуге мүмкіндіктері бар болуы жайлы нақты көрсетілмеген, осылайша мөлшерсіз санкцияларға қарсы ешбір механизмдер қарастырылмаған.

## БАҚ

Конституциямен және халықаралық заңмен кепілдендірілген сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділік құқықтары қылмыстық кодекстегі жөнсіз баптармен және басқа да заңдармен әлі де шектеліп келеді. 2020 жылдың маусым айында жала жабу қылмыстық сипаттан айырылғанымен<sup>42</sup>, дифамацияға қатысты «қорлау» және «көрінеу жалған ақпарат тарату» сияқты

<sup>38</sup> Берілген лимиттен асып кеткен қайырымдылық демеушілерге қайтарылуы тиіс. Сайлау күнінен кейін ұсталмай қалған қордың үштен екі бөлігі мемлекеттік бюджетке аударылып, қалған үштен бірі демеушілерге қайтарылады.

<sup>39</sup> Сайлау туралы заң қаржыландыруға рұқсат берілген науқан шығымдарының тізімін бекіткен. Оларға акредиттелген БАҚ-да насихат жүргізу, насихат шаралары, үгіт-насихат материалдарын басып шығару, науқанға қатысты қызметтер, тасымалдау және тегін таратылатын партия айырықша белгілерін (тулар, символдар, т.б.) дайындау кіреді. Бұдан басқа шығымдардың барлығы ОСК-мен жарамсыз деп танылады.

<sup>40</sup> ДИАҚБ ШСБМ-на «Нұр Отан» партиясы ел аумағы бойынша 15,000-ға жуық ақылы насихаттаушының барын хабарлады. ДИАҚБ ШСБМ-на хабарлауынша, олардың айлық жалақылары тамаққа, байланыс пен жолға берілетін ақшаның үстінен қосымша 50,000 теңгеден 90,000 теңгеге дейін жетеді.

<sup>41</sup> ОСК-на сай, 30 желтоқсан күнгі жағдай бойынша, «Нұр Отан» 637 миллион теңге, «Ауыл» 310 миллион теңге, «Ақжол» 267 миллион теңге, «Адал» 315 миллион және ҚХП 200 миллион теңге жинады. Партиялар есеп бойынша сәйкесінше 565 миллион, 255 миллион, 254 миллион, 273 миллион және 177 миллион ұстады. ТМД Конвенциясының 12.4 Бабына сай, қол қойған мемлекеттер «сайлауға қатысатын үміткерлерге, саяси партияларға (коалицияларға) берілген қаржылай қайырымдылық салымдардың барлығының көзі жайлы тиым салынған қайырымдылыққа жол берілмес үшін ашық және айқын ақпаратпен қамтамасыз етулері қажет...».

<sup>42</sup> Жай ғана азаматтық іске айналуының орнына, жала жабу әкімшілік бұзушылық ретінде қарастырылып, іс қозғауға әлі де мемлекеттік органдары тартылады. Заңмен жала жабу үшін 2,187,750 теңгеге дейін қисынсыз үлкен айыппұлдар мен 30 күнге дейін әкімшілік қамау қарастырылған.

басқа да құқықтық нормалар Қылмыстық кодексте әлі де, халықаралық міндеттемелерге қайшы, сақталуда.<sup>43</sup>

Президенттің, тұңғыш президент пен мемлекеттік лауазымдардағы тұлғалардың «абыройы мен қадір-қасиетін» қорғайтын арнайы ережелер Қылмыстық кодекспен қарастырылса, Сайлау туралы заң БАҚ-на кандидаттар мен саяси партиялардың «абыройы мен қадір-қасиетіне» нұқсан келтіруге тыйым салады. Заңнамада бұл шектеулердің нақты анықтамалары қарастырылмаған.<sup>44</sup> Бұл тиым салулар шынайы саяси пікірталасты басып, БАҚ цензурасына әкеліп соғады. Сонымен қатар, 2017 жылғы БАҚ туралы заңға енгізілген өзгерістер журналистерді өз материалдарында адамдардың «жеке бас, отбасы, медициналық, банк, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалған құпияларына» қатысты ақпаратты шығармас бұрын, олардың рұқсаттарын алуға міндеттейді. Бірнеше журналистер ДИАҚБ ШСБМ-на бұл ережелер журналистік зерттеулерді мүмкін емес қылғанын айтты.

Халықаралық ұйымдар осыған дейін алауыздықты қоздыру мен экстремизмнің Қылмыстық кодексте тым кеңінен және түсініксіз болып анықталуы құқықтық айқындықты қамтамасыз етпей, діни сенім, сөз, жиналыс және бірлестіктер бостандығын асыра шектеуге қолданылады деп ескерткен.<sup>45</sup> Сайлау алдындағы бірнеше айлардың ішінде, БАҚ онлайн желідегі белсенділік үшін де аталмыш көптеген ережелер мен баптардың негізінде азаматтар мен азаматшалардың қамауға алынып, бас бостандықтарынан айырылғандары жайлы хабарлады.<sup>46</sup>

Телеарналар, ақпараттың негізгі көзі, я мемлекетпен иеленген я мемлекетпен кеңінен қаржыландырылады. ДИАҚБ ШСБМ сұхбаттасушыларының кейбіреуі жеке БАҚ-ның көбі билікке әсіресе тұңғыш президенттің отбасына жақын кәсіпкерлердің иелігінде екенін атап өтті. Көптеген ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары БАҚ-ның, атап айтқанда телеарналардың мемлекеттік субсидиялардан тәуелділігі олардың редакциялық тәуелсіздігіне кері әсерін тигізіп, шектеулі жарнама нарығындағы бәсекелестікті жоятыны жайлы ойларын білдірді.<sup>47</sup> Дегенмен,

<sup>43</sup> ХАСҚП-на [2011 жылғы БҰҰ АҚК №34 Жалпы ескертуінің](#) 47 тармағына сай, «Мемлекеттер дифамацияның қылмыстық сипаттан шығарылуын қарастырып, сондай-ақ, қылмыстық заңның қолданылуы тек ең қатаң жағдайларға ғана қолданылуы қажет, ал бас бостандығынан айыру ешқашан да тиісті шара болмауы тиіс».

<sup>44</sup> Сөз бостандығы туралы халықаралық стандарттарға сай, мемлекеттік лауазымдағы тұлғалар қоғамды толғандыратын мәселелерге тікелей қатысы болғандықтан, аздан гөрі көп сынды қабылдауға шыдамдылық танытулары қажет. Сонымен қатар, ой білдіруге немесе ақпаратқа қойылатын шектеулердің барлығы да тек заң аясында болуы қажет. Заң тұлғаларға, берілген әрекеттің қаншалықты заңдылығын алдын ала жеткілікті түрде сеніммен ықпалдай алулары үшін, ашық, тиянақты, және нақты да тар анықталған болуы қажет. Қосымша ХАСҚП-на [2011 жылғы БҰҰ АҚК №34 Жалпы ескертуінің](#) 38 тармағын қараңыз.

<sup>45</sup> Қылмыстық кодекстің 174, 179 және 405 баптары. БҰҰ Арнайы баяндамашысының [2020 жылғы баяндамасының қысқаша мазмұнын](#) қараңыз. Онда Арнайы баяндамашы: ««экстремизм», «әлеуметтік немесе таптық алауыздықты қоздыру», «діни өшпенділік немесе араздық» сияқты түсініктердің ұлттық заңнамада тым кең анықтамаға ие болуы діни сенім бостандығын, сөз бостандығын және бейбіт жиналыстар мен бірлестіктер бостандығын асыра шектеу мақсатында қолданылады деп қорытындылады». Бас прокуратура ҚДТ-н қолдайтын әлеуметтік желілерде кез келген көзқарастар, оларды тарату немесе оларға комментарий қалдыру Қылмыстық кодекстің 405 бабының (тиым салынған экстремистік әрекеттеріне қатысу немесе ұйымдастыру) немесе 182 бабының (экстремистік топты құру, басқару немесе қатысу) негізіндегі жазаға әкеледі деп жариялады.

<sup>46</sup> Мысалы, БАҚ және МЕҚ есептерінің хабарлауы бойынша, журналист және блогер Айгүл Үтепова болжаумен «өзінің YouTube арнасындағы видеолары мен әлеуметтік желілердегі билікті сынайтын постары үшін» 17 қыркүйектен бері үй қамағында отыр. Диана Баймағамбетова «тиым салынған ұйымға қатысқаны үшін» 12 желтоқсанда ұсталып, 2021 жылдың 12 желтоқсанына дейін әкімшілік қамауға алынды. Д.Баймағамбетова өткен жылдың басында үш рұқсат берілмеген жиынға қатысқаны үшін жалпы алғанда 45 күн әкімшілік қамауда болды. 21 желтоқсан күні Әлібек Молдин өзінің әлеуметтік желілердегі белсенділігі үшін «тиым салынған ұйымға қатысқаны үшін» бір жылға бас бостандығы шектелді.

<sup>47</sup> 2018 жылы Құқықтық Медиа Орталығы мемлекеттік емес ұйымы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіне қарсы Жоғарғы сотқа шағымынан ұтылды. Министрлік мемлекеттік қаржыландыруды алатын медиа ұйымдар туралы ақпаратты қамтамасыз етуге бас тартты.

қоғамдық пікірталас интернетте орын алып келе жатыр. Бұл осыған дейін хабарланған интернет тәуелсіздігіне жасалған кедергілерге қарамастан, жаңалықтар мен көзқарастардың плюрализміне ұлғайған кеңістік береді.<sup>48</sup> 2020 жылдың желтоқсан айындағы үкімет дайындаған барлық құрылғыларға интернетке кіру мүмкіндігін беретін «қауіпсіздік сертификатын» енгізуді міндеттеу әрекеті халықаралық Apple, Google, Microsoft және Mozilla сияқты провайдерлермен аталмыш сертификатты өз браузерлерінде бұғаттау арқылы тоқтатылды.

Сайлау туралы заң жалы БАҚ-н сайлауға қатысушылардың науқандарын «әділ» қамтуын қадағалап, ақылы эфир уақыты мен көлеміне тең жағдайдағы қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бақ туралы заңға сай, ақпараттандыру арналары, баспасөз құралдары және барлық «интернет көздері» БАҚ-на жатып, Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігімен (АҚДМ) қадағаланады. АҚДМ ДИАҚБ ШСБМ-на әлеуметтік желілердегі парақшалар сияқты «желілік жарияланымдар» бірдей ережелерге бағынышты болғанымен, сайлау науқаны кезінде олар кандидаттарды тең көлемде қамтуға тиісті емес, сондай-ақ АҚДМ-нің сандық мониторингісімен бақыланбайтынын хабарлады.

ДИАҚБ ШСБМ медиа мониторингісінің нәтижелері жалпы телеарналар мен онлайн ақпарат құралдарындағы сайлау науқанына қатысты материалдардың саны шектеулі болғанын көрсетті.<sup>49</sup> Бақыланған телеарналар негізінен өздерінің жаңалықтарында сайлауға бас тіккен партияларды тең қамту міндеттерін орындады. «Хабар» телеарнасы 22, 18, 19, 24 және 17 пайызын сәйкесінше «Адал», «Ақжол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП партияларына бөлсе, «Қазақстан» телеарнасы өз жаңалықтарының 26, 18, 18, 15 және 23 пайызын сәйкесінше аталған партияларға бөлді. «Бірінші Еуразия» телеарнасында «Адал», «Ақжол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП партиялары сайлау науқанын қамтудың сәйкесінше 18, 18, 19, 28 және 18 пайызына ие болса, КТК телеарнасы бұл партияларға 20, 21, 19, 21 және 20 пайызын бөлді.<sup>50</sup> Соған қарамастан, ұйымдық шараларды қоса алғандағы жаңалықтарды қамтудың мониторингі «Хабар» телеарнасы 17, 14, 15, 39 және 15 пайызын «Адал», «Ақжол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП партияларына бөлгенін көрсетсе, «Қазақстан» телеарнасында бұл партиялар жайлы 20, 13, 13, 35 және 18 пайызда қамтылды. «Бірінші Еуразия» телеарнасында «Адал», «Ақжол», «Ауыл», «Нұр Отан» және ҚХП партиялары сәйкесінше 11, 11, 12, 54 және 12 пайызда қамтылса, КТК телеарнасы бұл партияларға 18, 19, 17, 28 және 18 жаңалықтар уақытының пайызын арнады. Барлық жаңалықтар сарыны оң (70 пайызға жуық) немесе бейтарап болды.

Жаңалықтардан басқа, сайлау науқанына немесе саяси партиялардың бағдарламаларына қатысты сыни талдаулар өте аз болды. «Хабар» телеарнасы 30 желтоқсан күні ОСК ұйымдастыруымен өткен дебатты тікелей эфирде көрсетті; барлық бәсекелес партиялардың өкілдерінің қатысуымен өткен қалған екі дебат «Қазақстан» және КТК телеарналарында көрсетілді.<sup>51</sup> Бұл дебаттың оңды жағы болып, оның барлық сайлауға қатысушы партияларға өз платформаларын таныстыруға және бір-бірімен сөз алмасуға мүмкіндік берген прайм-таймда өткізілуі болды. Телеарналармен қамтылған саяси тұлғалардың тоқсан пайызы ер адамдар болды. Онлайн ақпарат құралдарындағы материалдар көлемі шектеулі болғанымен, түрлі тақырыптарды қозғады.

<sup>48</sup> АҚДМ, Бас прокуратура және Ұлттық қауіпсіздік комитеті сайттарды бұғаттап, БАҚ жұмысын сот шешімінсіз тоқтатуға құзыреттері бар. БҰҰ Арнайы бандамашысының [2020 жылғы баяндамасының](#) 27 тармағын қараңыз.

<sup>49</sup> 2020 жылдың 13 желтоқсаны мен 2021 жылдың 8 қаңтар аралығында ДИАҚБ ШСБМ бес телеарнаны: «Хабар» телеарнасын, «Қазақстан» телеарнасын, Бірінші Еуразия телеарнасын, «7 Арна» және КТК арналарын, сонымен қатар бес онлайн ақпарат құралдарын: [tengrinews.kz](#), [inforburo.kz](#), [vlast.kz](#), [azattyq.org](#) және [kaztag.kz](#) бақылады.

<sup>50</sup> «7 Арна» жаңалықтар көрсетпейді.

<sup>51</sup> «Қазақстан» телеарнасындағы (22 желтоқсан күні) және КТК телеарнасындағы (26 желтоқсан) дебаттар партиялармен төленген саяси жарнама деп белгіленген.

## Шағымдар мен Арыздар

Сайлауға қатысты дауларды қадағалайтын құқықтық нормалар Сайлау туралы заңда, Азаматтық іс жүргізу кодексінде, Әкімшілік рәсімдер туралы заңда, Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңда қарастырылғандықтан, тиісті ережелерге қатысты түсініксіздіктер мен заңдық айқынсыздықтар пайда болады. Заңнамада төменгі деңгейлі сайлау комиссияларымен шағымдарды қарастыру бойынша нақты рәсімдер немесе құқықтық кепілдіктер қарастырылмаған.<sup>52</sup> Сайлауға қатысты шағымдар азаматтармен және азаматшалармен, сондай-ақ өзге те мүдделі тараптармен сайлау комиссияларына немесе соттарға орын алған бұзушылықтан кейін он күн ішінде өткізілуі тиіс.<sup>53</sup>

ОСК ДИАҚБ ШСБМ-на 8 қаңтарға дейін негізінен заңды түсіндіруге қатысты 104 өтініш түскенін хабарлады.<sup>54</sup> ДИАҚБ ШСБМ-на ОСК және төменгі деңгейлі комиссиялармен сайлау күніне дейін бір де бір өтініш қарастырылмағаны жайлы ақпарат түсті. Азаматтық қоғамнан көптеген ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары сайлауға қатысты даулардың жоқтығы сайлаудағы бәсекелестіктің және сайлауға қатысты дауларды шешу тәртібінің тиімділігіне деген сенімнің аздылығына байланысты деп түсіндірді.

ОСК-на қатысты шағымдар бірінші инстанциялы Жоғарғы Сот сотымен қарастырылып, оның шешімі ары қарай ең жоғарғы орында кассациялық коллегиямен қарастырылады. Сайлау туралы заң бойынша ОСК-мен жарияланған сайлаудың қорытынды нәтижелеріне жарияланғаннан кейін он күн ішінде келіспеушілік білдіруге болады, бірақ бұл келіспеушілік тек президенттің, премьер-министр, екі палатаның спикерлерінің немесе парламенттің жалпы мүшелер санының бестен бірінің атынан ғана жолдана алады. Заңнамада ОСК жариялаған қорытынды нәтижелеріне шағымдар Жоғарғы Сотқа өткізілу мүмкіндігі жайлы анық айтылмаған. ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары сайлауға қатысты дауларды шешу бойынша құқықтық нормаларды толығымен анық білмейтінін көрсетті.<sup>55</sup> Заңда сайлау нәтижелерін жою бойынша нақты шарттар қарастырылмаған.

Шамамен 44 шағым Жоғарғы Сотқа жіберілді, оларды көпшілігі азаматтық бақылаушыларға әсерін тигізетін ОСК қаулысына қатысты болды (*Азаматтық Сайлауды Байқау* бөлімін қараңыз).<sup>56</sup> Бұл шағымдардың барлығы тым формалды негіздермен немесе заңмен қарастырылған мерзімдерден кешіктіріліп өткізілді деген себептермен, өздерінің техникалық қателіктерін

<sup>52</sup> Әкімшілік рәсімдер туралы заңда ОСК-дағы тәртіп бойынша шағымданушының ескертіліп, жеке түрде отырысқа қатысу құқығы сияқты кейбір кепілдіктер қарастырылғанымен, төменгі деңгейлі комиссиялармен қарастырылатын шағымдар бойынша ешқандай да рәсімдік ережелер немесе кепілдіктер берілмеген.

<sup>53</sup> Сайлау комиссиялары шағымдарды бес күн ішінде, ал төменгі деңгейлі комиссиялардың шешіміне арыздарды үш күн ішінде қарастырулары тиіс. Сайлау күніне дейін бес күн бұрын өткізілген шағымдар дереу қарастырылуы қажет. Егер шағым комиссияға да, сотқа да өткізілген жағдайда, комиссия шағымды қарастыруды тоқтатады.

<sup>54</sup> Заң шағымдар мен өтініштерді бөліп қарастырады, ол бойынша, өтініш мемлекеттік мекемелер мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы кез келген жазбаша түрдегі байланыс деп анықталған. Өтініштерге жауап беру бойынша жалпы мерзім Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы заңмен бекітілгендей, 15 күннен 30 күнге дейін аралықта болуы қажет.

<sup>55</sup> Азаматтық іс жүргізу кодексі ОСК-ның шешімдері мен әрекеттеріне (немесе олардың жоқтығы) қатысты шағымдар Жоғарғы Сотқа өткізіле алады, Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Сотқа бір уақытта өткізілген шағымдарды қарастыру бойынша ережелер қарастырылмаған. ДИАҚБ ШСБМ-мен кездесу барысында Жоғарғы Сот өкілдері сайлау нәтижелеріне қатысты шағымдарға қатысты шешімдер шығаруға қаншалықты құқылы екені жайлы нақты айта алмады.

<sup>56</sup> COVID-19 қатысты санитарлық шараларға байланысты сот отырыстары онлайн өткізілді. Сот ісінің тараптары мен отырысты бақылағылары келген тұлғалар Жоғарғы Сот вебсайтында тіркелгеннен кейін, отырысқа сілтеме ала алды.

жөндеуге ешқандай да бір мүмкіндіксіз, қайтарылып отырды.<sup>57</sup> Бұл, халықаралық міндеттемелерге қайшы, тиімді қорғануға мүмкіндік бермеді.<sup>58</sup>

### Азаматтық Сайлауды Байқау

Тәуелсіз азаматтық ұйымдардан сайлауды байқаушылар өздерінің жұмыстарын тиімді атқаруға қасақана кедергілер жасалғаны жайлы хабарлады. Бірқатар ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары 2019 жылғы президенттік сайлау кезінде азаматтық байқаушылармен көрсетілген бұзушылықтардан кейін болған митингілерге жауап ретінде жасалған әрекет деп қарастырды.

Сайлау туралы заң азаматтық сайлауды байқаушыларды қамтиды, және сайлау әкімшілігінен ешқандай да бір ресми акредитация алуды талап етпейді. 4 желтоқсан күні ОСК сайлауды байқау тек өздерінің жарғыларындағы мақсаттары арасында «азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау» деген пункті бар бейкоммерциялық ұйымдарға байқау мүмкіндігін беретін сайлауды байқау құқығын қадағалайтын қаулыны шығарды.<sup>59</sup> Қай ұйым бұл шарттарға сай келетіні жайлы шешімдер тиісті сайлау комиссиясымен қабылданады, ал бұл өз кезегінде қосымша түсініксіздіктер туғызды.

Кейбір байқаушылар жеке қағида түрінде қаулының заңдылығына келіспеушілік білдіргендіктен, өздерінің жарғыларын өзгертпейтіндерін мәлімдеді. ОСК сонымен қатар дауыс беру барысында байқаушылардың фотосурет, бейнебаян түсіру және аудио жүргізу құқықтарын реттеп, дауыс беру учаскелеріндегі адамдардың жеке бас ақпаратын сақтауды сылтау етіп, түсірілген материалды жариялауға тыйым салды.<sup>60</sup>

Жиырмаға жуық азаматтық қоғам ұйымдары, олардың ішінде өткен сайлауда байқауға қатысқан ұйымдар, ДИАҚБ ШСБМ-на сайлау алдында салық органдарының тарапынан нысаналы тексерістерге ұшырағандары жайлы хабарлады. Бұл кейбір ұйымдардың сайлауды байқау мүмкіндігіне қатты кедергісін тигізді.

Сонымен қатар, көптеген ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары бірқатар жақсы қамсыздандырылған сайлауды байқауға өз байқаушыларын жіберуге жоспарлаған ұйымдар биліктегілерге жақын болып, тәуелсіз байқаушылардың арасын сиретуге бағытталған деп санады.<sup>61</sup> Байқаушыларға тапсыруға міндетті COVID-19 тесті жайлы кеш хабарлау, COVID-19 тестіне қосымша шығымдар алдын ала бюджетпен қарастырылмағандықтан, тәуелсіз байқаушылардың жұмысына қосымша бөгет ретінде көрінді.<sup>62</sup>

<sup>57</sup> ДИАҚБ ШСБМ жергілікті соттарға жіберілген тек үш шағым жайлы ғана хабардар болды; екеуі Жоғарғы Соттың қарастырылуына өткізіліп, қайтарылып жіберілді.

<sup>58</sup> 1990 Копенгаген құжатының 5.10 тармағы «негізгі құқықтарға және заңға қолсұқпаушылықты кепілдендіру мақсатымен әр адамның әкімшілік шешімдерге қарсы тиімді қорғануға мүмкіндігі бар» деп көрсеткен.

<sup>59</sup> Әділет Министрлігі ДИАҚБ ШСБМ-на 4 желтоқсаннан бері өз жарғыларын 94 ұйым өзгерткенін хабарлады.

<sup>60</sup> Түсірілген материал тек дәлел ретінде азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істерде пайдалана алады, және байқаушыларға сайлау учаскелерінен онлайн трансляция жүргізуге тыйым салынған.

<sup>61</sup> Азаматтық қоғам ұйымдарымен партиялық емес сайлауды байқау мен мониторингісін жүргізу бойынша жаһандық қағидаларының декларациясының 8 тармағында «өзінің сайлауды байқау жұмысын кемсітушіліксіз, бейтарап және уақытылы түрде өткізуге кедергісін келтіретін саяси, экономикалық мүдделер қайшылығы бар ешқандай адамға партиялық емес байқаушы болуға немесе сайлаудың мониторингін жүргізуге рұқсат берілмеуі тиіс.

<sup>62</sup> Денсаулық сақтау министрлігінің 29 желтоқсан күніндегі №69 Қаулысы және 30 желтоқсан күні шыққан Сайлау күнгі санитарлық талаптар COVID-19 бойынша сары және қызыл аумақтарда орналасқан сайлау учаскелеріндегі барлық байқаушылар мен партиялардың сенімді тұлғалары сайлауға дейін бес күн ішінде тапсырылған теріс ПТР тест нәтижесін көрсетуге міндеттеді. Тегін ПТР тестке жарамды болуы үшін, байқаушы ұйымдардың әкімдіктерге 3 қаңтарға дейін бірқатар тіркеу құжаттарын тапсырулары қажет болды.

## Сайлау Күні

ШСБМ сайлау күнгі тәртіптерді жүйелі де кешенді түрде қарастырған жоқ, және миссия мүшелері 17 облыстың 13-дегі сайлау учаскелерінің шектеулі санына барды. Сайлау күні жалпы тыныш өткенімен, бірнеше қалалардағы күзеттегі полиция және қауіпсіздік қызметі мүшелерінің сандық үстемділігі алдын ала ескертілген бейбіт митингілерді өткізуге жол бермеді.<sup>63</sup> Алматы қаласында жиырмаға жуық белсенділердің 100-ге жуық полиция қызметкерлерімен тоғыз сағатқа дейін қоршауға алынып, дауыс беру тоқтағаннан кейін ғана босатылғандарын көрді.<sup>64</sup> БАҚ бірқатар белсенділердің қамауға алынғандары жайлы хабарлады. Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларындағы интернет жылдамдығын бәсеңдету мен кейбір ақпарат вебсайттарының өшірілуі бүкіл сайлау күні байқалды.

ШСБМ байқаған сайлау учаскелерінде жалпы дауыс беру тәртібі сақталды. Соған қарамастан, ШСБМ сайлау жәшігіне бірнеше бүлетеннен лақтыру, УСК жариялағандай сайлауға қатысудың жоғары деңгейімен сәйкессіздікті көрсететін сайлаушылар тізімдерінде қолдардың болмауы, сайлаушыларды тіркеу дәлдігіне қатысты мәселелерді айқындайтын қосымша сайлаушылар тізімдеріне көп мәрте енгізу, сайлау жәшігінің мөрмен дұрыс бекітілмеуі, сайлау учаскелерінде болуға құқығы жоқ адамдардың болуы сияқты бұзушылықтардың белгілерін байқады. УСК-ның елеулі ара-қашықтықта тұру жайлы нұсқауларынан кейін, партияның сенімді өкілдері де, азаматтық байқаушылар да көп болғанымен, өтіп жатқан рәсімдерді, әсіресе сайлаушыларды тіркеуді, дұрыс көре алмады. Байқаушылар бұған қарсы шыққан жоқ.

Жақсы жағынан, барған сайлау учаскелерінің басым көпшілігі мүгедектігі бар сайлаушыларға өздігінше кіру қолжетімділігін қамтамасыз етті; дегенмен, ОСК-ның «Интерактивті қолжетімділік картасында» көрсетілген қолжетімділікке қатысты ақпарат әрқашан дәл болған жоқ.

COVID-19 сақтық шаралары жалпы орын алып, сайлау учаскелерінде жеке қорғану құралдары (ЖҚК) комиссия мүшелеріне де, сайлаушыларға да берілді. Алайда, дауыс беру орындарында әлеуметтік арақашықтықты сақтау әрдайым сақталмай, ШСБМ адам саны тым үлкен болған жағдайларды байқады. Барған сайлау учаскелерінің көбінде УСК адам санын шектеп, байқаушыларға, тіпті ШСБМ-на да теріс бұрылды.<sup>65</sup> Қызыл және сары аймақтарда теріс ПТР тест нәтижесіне ие болу міндеттелсе де, ШСБМ байқаушылары әрдайым бұл тестерді көрсетуге мәжбүрленген жоқ.

Дауыстарды санау байқалған сайлау учаскелерінің барлығында дерлік УСК-лары рәсімдерді дұрыс орындамай, дауыс берушілердің таңдауын немесе әр партияға берілген дауыс санын жарияламай, әдетті түрде маңызды дәлдеу кепілдіктерін қалдырып отырды. ШСБМ және азаматтық байқаушылар УСК-мен дауыс саналып жатқанда алшақ тұруға мәжбүрленді, және бұл аталмыш рәсімнің айқындылығын елеулі түрде шектеді.

ШСБМ дауыстарды енгізуді байқаған 12 ТСК-ның 8-де үдеріс айқын өтпей, адам санының тым көп болуы денсаулық сақтау ережелерін орындауға мүмкіндік бермеді. Көп жағдайда азаматтық байқаушылар мен партиялардың сенімді өкілдері болған жоқ. ШСБМ түнде барған ТСК-ның екеуі жабық болып, дауыстарды енгізу әлі де жүріп жатты; қалған екі ТСК-лары ешбір нақты

---

<sup>63</sup> Бұл Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Өскемен және Шымкент қалаларында байқалды.

<sup>64</sup> ДИАҚБ ШСБМ полицияға бірнеше рет хабарласқанымен, текетірістің себептері жайлы ешбір мағлұмат ала алмады.

<sup>65</sup> «Еркіндік Қанаты» және Қазақстан жастарының ақпарат қызметі (ҚЖАҚ) ШСБМ-на өздерінің бірнеше байқаушыларының УСК-мен учаскелерге кіруге рұқсат берілмегендерін хабарлады.



себепсіз дауыстарды енгізуді ертеңгі күнге қалдырды.<sup>66</sup> ШСБМ нәтижелердің тіркелімге енгізудің дәлдігін сол қалпы қадағалай алмады.

ОСК өз вебсайтында бүкіл күн бойы сайлауға қатысқандардың пайызын шығарып отырып, соңында 63.3 пайыз сайлауға қатысуды мәлімдеді.

---

### МИССИЯ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ ПЕН АЛҒЫСТАР

---

Нұр-Сұлтан қаласы, 11 қаңтар 2021 жыл - Аталмыш Алдын ала Деректер және Қорытындылар жөніндегі Мәлімдеме ЕҚЫҰ Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) бірлескен жұмысының нәтижесі болып табылады. Сайлау ЕҚЫҰ міндеттемелеріне, басқа да халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға, сондай-ақ ұлттық заңнама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін бағалау жүргізілді.

Кристиан Вигенин ЕҚЫҰ төрағасының міндетін атқарушысымен қысқа мерзімді ЕҚЫҰ миссиясын басқару үшін Арнайы Үйлестіруші болып тағайындалды. 8 желтоқсан күні келген Елші Ярослав Марчин Доманьски ДИАҚБ ШСБМ басшысы болып табылады. Қазіргі Халықаралық Сайлауды Байқау Миссиясына қатысқан институттардың барлығы 2005 жылғы Халықаралық сайлауды байқау қағидаларының декларациясын мақұлдады.

Алдын ала Деректер мен Қорытындылар жөніндегі мәлімдеме сайлау үдерісі аяқталғанға дейін ұсынылып отыр. Сайлаудың қорытынды бағалауы сайлау үдерісінің дауыстарды санау мен енгізу, сайлау нәтижелерін жариялау, сондай-ақ сайлау күнінен кейінгі шағымдар мен арыздармен жұмыс сияқты қалған кезеңдеріне байланысты болады. ДИАҚБ алдағы жетілдірулер бойынша әлеуетті ұсыныстарымен қатар кешенді қорытынды есебін сайлау үдерісі аяқталғаннан кейін шамамен сегіз аптадан кейін шығарады. ЕҚЫҰ ПА өз есебін 2021 жылдың 24 ақпанында өтетін өзінің Тұрақты Комитеті барысында ұсынады.

ДИАҚБ ШСБМ Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан 11 негізгі топтың мүшесінен және 15 желтоқсан күні Қазақстан өңірлеріне жіберілген 24 ұзақ мерзімді байқаушыдан тұрады. Сайлау күні ДИАҚБ тарапынан 41 байқаушыны және ЕҚЫҰ ПА-нан 7 мүшеден тұратын делегацияны қосқанда, 48 байқаушы жіберілді. Байқаушылардың 52 пайызы 20 ЕҚЫҰ қатысушы Елдерінен келген әйел адамдар болды.

Байқаушылар билік өкілдеріне шақырғандары үшін, және де Сыртқы істер министрлігі мен Орталық сайлау комиссиясына көрсеткен 7 үшін алғыстарын білдіреді. Оған қоса, мемлекеттік органдарға, саяси партияларға, БАҚ-на, азаматтық қоғам ұйымдарына және халықаралық қауымдастыққа көрсеткен қолдауына ризашылықтарын білдіреді.

Қосымша ақпарат үшін келесі өкілдермен хабарласыңыз:

Елші Ярослав Марчин Доманьски, ДИАҚБ ШСБМ-ның Басшысы, Нұр-Сұлтан қаласы (+7 7172 670010);

Катя Андруз, ДИАҚБ Баспасөз-хатшысы (+48 609 522 266), немесе Алексей Громов, ДИАҚБ Аға сайлау кеңесшісі, Варшава қаласы (+48 663 910 311);

Гвидо Альмеригонья, ЕҚЫҰ ПА, +7 771 413 57056; +45 6010 9772.

#### ДИАҚБ ШСБМ мекенжайы:

Park Inn Hotel

Сарыарқа даңғылы, 8а үйі, 9 қабат

Нұр-Сұлтан қаласы, 010000, Қазақстан Республикасы

Тел: +7 7172 670010; Email: [office@odihr.kz](mailto:office@odihr.kz)

*Бұл есептің ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз ресми құжат болып табылады.  
Бейресми аудармалар қазақ және орыс тілдерінде берілген.*

---

<sup>66</sup> Біріншісі Атырау мен Маңғыстау облыстарында байқалса, соңғылары Шымкент пен Ақтөбе қалаларында көзге түсті.